



Негізгі міндеті:

«Алтын Самұрық» бөбекжай
балабақшасының менгерушісі
Э.С.Мырсейтова

«Алтын Самұрық» бөбекжай - балабақшасы
Зерделеу жұмысының қорытындысы

Әдіскер: Н.Жүрсін

Зерделеу жұмысының қорытындысы

I жартыжылдықта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес балалардың білім, білік және дағдыларына зерделеу жұмысы жүргізілді. Зерделеу барысында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі, танымдық белсенділігі, тілдік қарым-қатынасы, шығармашылық қабілеттері және әлеуметтік дағдылары сараланды.

Зерделеу нәтижесінде балалардың басым көпшілігі бағдарлама мазмұнын жақсы меңгергені анықталды. Балалар ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында белсенділік танытып, қойылған сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды өз бетінше орындауға талпынды. Танымдық даму саласы бойынша қоршаған орта туралы түсініктері кеңейіп, қарапайым зерттеу және бақылау жұмыстарын жүргізе алады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет саласы бойынша балалардың сөздік қоры артып, байланыстырып сөйлеу дағдылары қалыптасқан. Өлеңдерді мәнерлеп айтып, ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап бере алады.

Математика негіздері бойынша балалар санау, салыстыру, кеңістікті бағдарлау және қарапайым логикалық тапсырмаларды орындауда жақсы нәтижелер көрсетті. Кейбір тәрбиеленушілерге сандық ұғымдарды бекіту бағытында қосымша жұмыстар қажет екендігі анықталды.

Шығармашылық бағытта балалар сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және музыка іс-әрекеттеріне қызығушылық танытып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсете білді. Музыкалық ойындарға белсенді қатысып, ән айту және ырғақты қимылдарды орындау дағдылары қалыптасқан.

Әлеуметтік-эмоционалдық даму бойынша балалар құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасауда мәдениеттілік танытып, қарапайым тәртіп ережелерін сақтайды. Ұжымдық жұмыстарға қатысу белсенділігі байқалады.

Қорытынды:

I жартыжылдық қорытындысы бойынша балалардың бағдарламалық материалды меңгеру деңгейі қанағаттанарлық және жақсы деңгейде екендігі анықталды. Тәрбиешілер тарапынан жүргізілген жүйелі жұмыстардың нәтижесінде тәрбиеленушілердің білім сапасы мен даму көрсеткіштерінде оң динамика байқалды.

Ұсыныстар:

1. Бағдарламалық материалды меңгеру деңгейі төмен балалармен жеке жұмыстарды күшейту.
2. Тіл дамытуға бағытталған ойындар мен жаттығуларды жүйелі жүргізу.
3. Математикалық ұғымдарды бекіту жұмыстарын жалғастыру.
4. Ата-аналармен бірлескен жұмысты жетілдіру.
5. Балалардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға жағдай жасау.